

Хромтау ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 17 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 мамырда № 4925 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 5 қарашадағы № 120 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 05.11.2021 № 120 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 26.11.2019 № 382 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 509 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 02.03.2018 № 188 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 26.11.2019 № 382 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Хромтау ауданында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 26.11.2019 № 382 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
Н.Қарағұлов

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Д.Молдашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК